Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күннің ішінде шешім қабылдауға және осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жолдауға міндетті. Аталған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырған кезде директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өзінің қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

10. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін қоғамның акциялары иелерінің тізілім жүйесінде негізінде қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналыс өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгілене алмайды.

11. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін тізім жасалғаннан кейін өзіне тиесілі қоғамның дауыс беруші акцияларын иеліктен шығаруды жүргізген болса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл орайда акцияларға меншік құқығын куәландыратын құжаттар табысталуға тиіс.

12. Акционерлер алдағы жалпы жиналысты өткізу туралы жиналысты өткізу күнінен кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - кем дегенде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарландырылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама баспасөз басылымында жариялануға және/немесе акционердің мәліметіне оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізілуге тиіс.

Осы баптың 1-бөлігінде белгіленген мерзімдерді санай бастау жариялама баспасөз басылымында жарияланған күннен не болмаса пошталық жолданым күнінен бастап жүргізіледі.

Қосымша акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны баспасөз басылымдарынан өзге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуға жол беріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналыс шақыруға ынтагер туралы мәліметтер;
- 3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орыны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер бірінші жиналыс болмай қалса, өткізілуге тиіс қоғам акционерлерінің екінші қайтара жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орыны;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) қоғамның акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен таныстыру тәртібі болуға тиіс.

13. Акционерлердің екінші қайтара жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысын өткізу үшін белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындала алмайды.

Акционерлердің екінші қайтара жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы өткізілуге жерде өткізілуге тиіс.

Акционерлердің екінші қайтара жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен бөлек болмауға тиіс.

14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және оның құрамында талқылауға қойылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің түпкілікті тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қоғамның акционерлеріне осындай толықтырулар туралы жалпы жиналысты өткізу күнінен кем дегенде он бес күн бұрын хабарланған жағдайда ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыра алады.

Қатысу тәртібінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысы ашылған кезде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысып отырған қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілігімен жүзеге асырылады.

Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының кем дегенде тоқсан бес пайызын иеленуші акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі оларды енгізу үшін дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқысыз.

15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың құрамында осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат болуға тиіс.

Қоғамның органдарын сайлау бойынша материалдардың құрамында ұсынылатын кандидаттар туралы төмендегідей мәліметтер болуға тиіс:

- 1) тегі, есімі, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің есімі;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдың ішіндегі жұмыс орындары және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін куәландыратын өзге ақпарат.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарға төмендегілер кіруге тиіс:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабы;
- 2) жылдық қаржылық есеп-қисапқа аудиторлық есептеме;
- 3) директорлар кеңесінің қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын үлестіру тәртібі мен қоғамның бір жай акциясына шаққанда бір жылдағы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;

4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге ынтагердің қалауы бойынша өзге құжаттар.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар жиналысты өткізу күнінен кем дегенде он күн бұрын акционерлерді таныстыру үшін дайын болуға тиіс.

16. Акционерлердің жалпы жиналысы егер жиналысқа қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтке қарай акционерлердің тізіміне енгізілген жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызын иеленуші акционерлер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ акцияларға меншік құқығын тізім жасалғаннан кейін иемденген тұлғалар тіркелген болса шешімдер қабылдауға құқылы.

Болмай қалғанның орнына өткізілетін акционерлердің екінші қайтара жалпы жиналысы егер:

1) кворум болмау себепті болмай қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) оған қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтке қарай акционерлердің тізіміне енгізілген жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызын иеленуші акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жолданған жағдайда, аталған бюллетеньдер арқылы қатысатын және қоғам жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтіне алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда, акционерлердің екінші қайтара жалпы жиналысы өткізілмейді.

17. Акционердің акционерлердің жалпы жиналысына жеке басымен немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар.

Қоғамның лауазымды тұлғаларының акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде бой көрсетуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

18. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келіп жеткен акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі өзінің акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге өкілеттіктерін куәландыратын сенімхатты табыстауға тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқысыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп қойған, құлақтандырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақытынан бұрын ашыла алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) айқындайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әр акционердің бір дауысы бар, ал шешім қатысып отырғандар санының дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер атқарушы органға кіретін жағдайларды қоспағанда, атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылатын мәселе бойынша пікірсайысты тоқтату, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге қоюға құқылы.

Төраға осындай сөз сөйлеу акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелетін немесе аталмыш мәселе бойынша пікірсайыстар тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, күн тәртібін талқылауға қатысы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге құқысыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарастыруды келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан кейін жабық деп жариялана алады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрініс тапқан мәліметтердің толықтығы және сенімділігі үшін жауап береді.

19. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдана алады. сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс берумен қатар (аралас дауыс беру), немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданыла алады.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған біртұтас нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға таратыла (табысталады).

Қоғам акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге тандап жолдауға құқысыз.

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнінен кем дегенде қырық бес күн бұрын жолдануға тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамында төмендегілер болуға тиіс:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға ынтагер туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер табысталатын соңғы күн;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күні, не болмаса акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санайтын күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің құрамында директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамалары;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша “қолдады”, “қарсы”, “қалыс қалды” сөздерімен бейнеленген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньдерде толтыру) тәртібінің түсініктемесі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер – жеке тұлға аталмыш тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қоюға тиіс.

Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басышысы қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен расталуға тиіс.

Акционер – жеке тұлғаның қолтаңбасы жоқ, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды санаған кезде акционер олар бойынша бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуі белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің құрамында директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелген кандидаттар үшін берілген дауыстар санын көрсетуге арналған орын болуға тиіс.

Егер алдында сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жолдаған акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келіп жетсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

20. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайларды қоспағанда, “Қоғамның бір акциясы – бір дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері көздеген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың максималды санын шектеу;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс беру;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

Жиынтық дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстарды акционер директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін түгелдей бере алады немесе директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидаттың арасында бөле алады. Директорлар кеңесіне сайланған болып олар үшін неғұрлым көп дауыстар саны берілген кандидаттар мойындалады.

Қатысу тәртібінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын жағдайда, осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта – қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл орайда қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетенінің құрамында төмендегілер болуға тиіс:

1) мәселенің тұжырымдамасы немесе оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік нөмірі;

2) мәселе бойынша “қолдады”, “қарсы”, “қалыс қалды” сөздерімен бейнеленген дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органдарына әрбір кандидат үшін дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

Акционердің өзі, соның ішінде осы Заңға сәйкес қоғамға өзіне тиесілі акциялардың өтеуін төлеп алу туралы талап қою мақсатында бюллетеньге қол қоюға тілек білдірген жағдайларды қоспағанда, қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

Қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санаған кезде дауыс беруші олар бойынша бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуі белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

Дауыс беру қорытындылары бойынша Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыстар санауды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркеуге жататын дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және қол қояды.

21. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей ресімделеді және онда төмендегілер көрсетіледі:

- Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу орыны және уақыты;
- Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша Акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы;
- Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- Акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Хаттамаға Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы, хатшысы, Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан және дауыс беруші акциялардың он және одан астам пайыздарын иеленуші Акционерлер, Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыстар санауды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға қол қояды.

8. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

1. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның директорлар кеңесі мүшелеріне олар өз міндеттерін атқарған кезеңде сыйақы төленеді және/немесе олардың директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін атқаруға байланысты шығындары өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

3. Қоғамның Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

- 3) қоғам акцияларын орналастыру және жарияланған акциялар санының шегінде оларды орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларды немесе құнын төлеп сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабын алдын ала бекіту;
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есептік қаржылық жыл үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшерін айқындау;
- 7) атқару органының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның өкілеттігін жеке дара жүзеге асырушы тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқару органының сандық басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның өкілеттігін жеке дара жүзеге асырушы тұлғаның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның көрсететін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 11) қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін айқындау;
- 12) қоғамның ішкі қызмет тәртібін реттейтін құжаттарын (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;
- 13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметтеріне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 16) бұрынғы тіркеушімен шартты үзген жағдайда, қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 17) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 18) ірі мәмілелерді және жасалуына қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 19) уәкілетті аудитордың, ішкі аудитордың немесе актуарийдің қорытындысының негізінде анықталған, сақтандыру ұйымының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеті бойынша заңнама талаптарын бұзушылықтарға байланысты мәселелерді қарастыру;
- 20) қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органының шешуіне беріле алмайды.

Директорлар кеңесінің Қоғамның жарғысына сәйкес қоғамның атқарушы органының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқысыз.

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 (бес) мүшені құрайды.
2. Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы 3 (үш) жыл мерзімге сайлайды.
3. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы оны мүшелерінің арасынан Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.
4. Төраға Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістерін шақырады және оларда төрағалық етеді, мәжілістерде қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте хаттама жүргізуді ұйымдастырады.
5. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған кезде оның функцияларын жүзеге асыруды Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

9. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

1. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Басқарма 3 (үш) адам құрамындағы алқалы орган болып табылады.
2. Қоғамның Басқармасы Акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды. Қоғамның Басқармасы Қоғамның атынан әрекет етеді, соның ішінде оның мүдделерін білдіреді, қолданыстағы заңнама белгілеген тәртіпте Қоғамның атынан мәмілелер жасайды, штаттарды бекітеді, Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін орындауға міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді.
- Қоғамның Басқармасын түзу, оның өкілеттіктері, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.
3. Басқарма мүшелері акционерлер және Қоғамның акционерлері болып табылмайтын оның жұмыскерлері бола алады.
4. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамамен, сондай-ақ Қоғам олардың әрқайсысымен жасасатын Дара еңбек өзара шартымен айқындалады. Басқарма Төрағасымен өзара шартқа Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған Акционерлердің Жалпы жиналысы уәкілеттендірген тұлға қол қояды. Атқарушы органның басқа мүшелерімен Дара еңбек өзара шартына атқарушы органның басшысы қол қояды.
5. Қоғам Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында қызмет атқаруына тек Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен жол беріледі.
6. Қоғамның Басқармасының құзыретіне Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.
7. Басқарманы және Басқарма Төрағасын Директорлар кеңесі 3 (үш) жыл мерзімге сайлайды.
8. Қоғамның Басқарма Төрағасы:
 - 1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды;
 - 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан әрекет етуге сенімхаттар береді;

4) Қоғамның жұмыскерлерін (атқарушы органның мүшелері болып табылатын жұмыскерлерді қоспағанда) қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және босату туралы бұйрықтар шығарады, оларға ынталандыру шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза тағайындайды, қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қоғамның жұмыскерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін айқындайды, қызметақылар мен жеке үстемақылар мөлшерін белгілейді, атқарушы органның құрамына кіретін жұмыскерлерді және қоғамның ішкі аудит қызметтерін қоспағанда, қоғамның жұмыскерлерінің сыйлықақы мөлшерлерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды атқарушы органның мүшелерінің біріне жүктейді;

6) атқарушы органның мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер және жауапкершілік салаларын бөледі;

7) қоғамның жарғысы және Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдері айқындаған өзге функцияларды жүзеге асырады.

10. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

1. Тексеру комиссиясы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады.

2. Тексеру комиссиясын Акционерлердің Жалпы жиналысы бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды және үш адамнан тұрады. Қоғамның Басқарма Төрағасының Тексеру комиссиясының мүшесі болуға құқығы жоқ.

3. Тексеру комиссиясы кез келген уақытта өзінің бастамасы бойынша, Акционерлердің Жалпы жиналысының тапсырмасы бойынша немесе жиынтығында акциялардың он пайызынан астамын иеленуші оның акционерлерінің талабы бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасының қызметін тексеруге құқылы. Тексеру комиссиясының осы мақсатта Қоғамның бүкіл құжаттамасына сөзсіз қол жеткізуге құқығы бар. Тексеру комиссиясының талабы бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасы ауызша немесе жазбаша нысанда барлық қажетті түсініктемелерді беруге міндетті.

4. Тексеру комиссиясы міндетті түрде Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабын бекіткенге дейін оны тексеруді жүргізеді. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық қаржылық есеп-қисапты Тексеру комиссиясының қорытындысынсыз бекітуге құқықсыз.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЕСЕП-ҚИСАБЫ. АУДИТ. АҚПАРАТ БЕРУ

1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есеп-қисап табыстау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасы жыл сайын өткен жылдағы қаржылық есеп-қисапты талқылау және бекіту үшін Акционерлердің Жалпы жиналысына табыстайды. Жылдық қаржылық есеп-қисап Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы заңнамасына сәйкес жасалады. Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабы Акционерлердің Жалпы жиналысының бекітуіне жатады.

3. Қоғам жыл сайын баспасөз басылымында Қоғамның жылдық балансын және табыстар мен залалдар туралы есептемесін жариялап отыруға міндетті.

4. Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабының сенімділігін, сондай-ақ істердің ағымдағы ахуалын тексеру және куәландыру үшін Қоғам жылдық қаржылық есеп-қисаптың аудитын жүргізеді.

5. Қоғамның аудиты Қоғамның шығарылған (төленген) Жарғылық капиталындағы жиынтық үлесі он және одан астам пайызды құрайтын Акционерлердің, директорлар кеңесінің, атқарушы органның талабы бойынша кез келген уақытта жүргізілуге тиіс.

Кез келген Акционер өзінің есебінен Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабының, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы ахуалының аудитын өткізуді талап етуге құқылы. Егер қоғамның атқарушы органы қоғамның аудитын өткізуден бұлтаратын болса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның қуыным-талабы бойынша соттың шешімімен тағайындала алады.

6. ішкі аудит аудитор.Сақтандыру компаниясы лицензияламайды туралы

7. Директор кеңесі ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

8. Қоғам өз акционерлерінің мәлімтіне қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жеткізіп отыруға міндетті.

Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат болып:

1) акционерлердің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер мен қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;

2) қоғамның акциялар мен шығаруы және уәкілетті органның қоғамның акциялар орналастыру қорытындылары туралы есептемелерді, қоғамның акциялар өтеу қорытындылары туралы есептемелерді бекітуі, уәкілетті органның қоғамның акциялар күшін жоюы;

3) қоғамның ірі мәмілелер мен қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді жасауы;

4) қоғамның өзінің меншікті капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан астам пайыздарын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

5) қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, қоғам алдында қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алған лицензияларының әрекетін кідірту немесе тоқтату;

6) қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) қоғамның мүлкін қамауға алу;

8) нәтижесінде қоғамның баланстық құны қоғамның активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын мүлкі жойылып кеткен төтенше сипаттағы мән-жайлардың орын алуы;

9) қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

11) қоғамның жарғысына сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.

12. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

1. Қоғамды тарату Акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері көздеген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. Қоғамды қайта ұйымдастыру біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару және қайта құру арқылы жүзеге асырылады.


2. Қоғам қосу нысанында қайта ұйымдастыруды қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеу сәтінен бастап қайта ұйымдастырылған болып саналады.

3. Тарату комиссиясы орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында Қоғамды тарату туралы, сондай-ақ оның несиегерлерінің кінәрат-талаптар мәлімдеу тәртібі және мерзімі туралы ақпарат жариялайды. Кінәрат-талаптар мәлімдеу мерзімі тарату туралы жариялау сәтінен бастап екі айдан кем бола алмайды. Тарату комиссиясы несиегерлерді анықтауға және берешектерді алуға шаралар қабылдайды, сондай-ақ несиегерлерді Қоғамды тарату туралы жазбаша құлақтандырады.
4. Қоғам немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы дереу заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырушы әділет органына жазбаша хабарлауға міндетті.
5. Қоғам мемлекеттік тіркелімге тиісті жазба енгізілген сәттен бастап таратылды деп саналады.
6. Қоғамды ерікті тарату және қайта ұйымдастыру тек сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.
7. Қоғамды ерікті тарату туралы шешімді заңнамалық кесімдерге сәйкес несиегерлермен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайтын Акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Жиынтығында Қоғам шығарған акциялардың он және одан астам пайызын иеленетін акционерлер Қоғамның тарату комиссиясына өкілін енгізуге құқылы.
8. Қоғамды тарату рәсімі және оның несиегерлерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
9. Несиегерлермен есеп айырысу аяқталғаннан кейін қалған таратылатын қоғамның мүлкін тарату комиссиясы Акционерлердің арасында төмендегідей кезектілікте үлестіреді:
 - 1) бірінші кезекте – қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтеуі төленіп алуға тиіс акциялар бойынша төлемдер;
 - 2) екінші кезекте – артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтер төлемдері;
 - 3) үшінші кезекте – жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтер төлемдері;
 - 4) төртінші кезекте - артықшылықты акциялардың құнын өтеу;
 - 5) бесінші кезекте – жай акциялардың құнын өтеу.
10. Әр кезектің мүлкін үлестіру алдыңғы кезектің мүлкі толық үлестірілгеннен кейін жүзеге асырылады. Егер таратылатын қоғамның мүлкі артықшылықты акциялардың иелеріне есептелген, бірақ төленбеген дивидендтер төлеу және атаулы құнын өтеу үшін жеткіліксіз болса, аталған мүлік толығымен акционерлердің осы санатының арасында оларға тиесілі акциялардың атаулы құнына пропорционалды үлестіріледі.
11. Тарату комиссиясы тек Қоғамның ағымдағы істерін аяқтау үшін қажетті қолданыстағы заңнама айқындаған мәмілелерге отыруға құқылы.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болып шықса, онда бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже заңды тұрғыдан жол берілетін және тиісті қатынастарды реттейтін ережемен алмастырылады.
2. Осы Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша енгізіле алады.
3. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.


Басқарма Төрағасы


Бахмишев Бахтияр